




8-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Құқықбұзушылықтар





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Бұл тарауда авторлық құқықтың қашан бұзылатыны зерделенеді. Біз алдымен «бірінші» құқықбұзушылықты талқылаудан бастаймыз, яғни авторлық құқық иесінің айрықша құқықтарын бұзатын әрекеттерді қарастырамыз (олар 6-тарауда сипатталған болатын). Содан кейін, біз, бастапқы құқық бұзушылық әрекетінің алдында болсын немесе кейін болсын, құқықбұзушылық арқылы жасалған көшірмелерді дистрибуциялауға көмектескен немесе құқықбұзушылыққа жататын орындаушылықпен айналысқан қосымша жауапкерлерге арналған заң ережелерін талқылаймыз. Бұл жауапкершіліктер «екінші құқықбұзушылық» деп аталады.

«Бастапқы құқықбұзушылықты» егжей-тегжей талдамас бұрын, авторлық құқық иелеріне қатысты көптеген заң нормалары орнықтырылғанымен, авторлық құқық ты бұзу туралы халықаралық деңгейде көп қарастырыла қоймағанын айта кеткен абзал. Бұл мәселеге тек кейіннен ғана көңіл бөлініп, оның аймақтық үйлестіруге қарасты сұрақ екені мойындалды. Құқықбұзушылыққа қатысты критерийлердің көбісі жергілікті деңгейде, сот органдарының шешімдерімен орнықтырылған. Құқықбұзушылыққа қатысты британдық заңның өз ерекшеліктері бар екенін дәлелдейтін соңғы екі жағдайды атап өтуге тұрарлық. Біріншіден, авторлық құқықтың идеяларды қорғамайтыны аймақтық деңгейде де, халықаралық деңгейде де мойындалған. Бұл, кез-келген мемлекет авторлық құқық арқылы беретін қорғалу аясына сыртқы шектеу қояды деп түсіндіріледі. Екіншіден, үйлестіруге жөніндегі аймақтық бастамалар, туындының бұрын талап етілетін «айтарлықтай бөлігі» емес, «кез келген бөлігі» репродукцияланса, құқық бұзушілік орын алды деп танылуын талап етеді. Осы екінші әзірлеме, құқықбұзушылықты сараптайтын қалыптасқан іргелі принципті өзгертіп тұр. Авторлық құқықты бұзушылыққа қатысты, Сот, Біріккен Корольдіктер ЕуроОдақтан шыққаннан кейін түрлі директиваларды есепке ала отырып, жаңа нұсқаулық жасайтыны белгілі болса да, олардың Біріккен Корольдіктердің заңнамасына қаншалықты сай болатынын алдын-ала болжау мүмкін емес.

Бастапқы құқықбұзушылық әрекетінде ауыртпалық шағымданушыға жүктеледі, ол өз кезегінде ықтималдықтар теңгерімінің негізінде мыналарды дәлелдеуі тиіс:

- жауапкер авторлық құқық иесінің бақылауындағы іс-әрекеттердің бірін жасағанын;
- жауапкердің туындысы авторлық құқықпен қорғалған туындыдан алынғанын (себеп-салдарлық байланыс); және
- тиым салынған әрекет қорғалған туындыға қатысты немесе оның айтарлықтай бөлігіне қатысты жасалғанын.

Құқықбұзушылықтың орын алғанын дәлелдеу үшін анықталуы қажет екінші мәселе: жауапкердің туындысы шағымданушының туындысынан алынғандығы. Яғни, қолданылған жұмыс (репродукцияланған, басылып шығарылған, жалға берілген, орындалған, таратылған немесе адаптацияланған) пен авторлық құқықпен қорғалған туындының арасында себеп-салдар байланысы бар екені көрсетілуі тиіс. Бұл, патенттік құқықпен салыстырғанда, авторлық құқық туралы заң құқық иесін дербес жасауға қарсы қорғамайтынын білдіреді. Жауапкердің туындысы тікелей түпнұсқадан алынуы міндетті емес; егер жауапкер өз жұмысын көшірмеге негіздеп алса да, ол құқық бұзған деп есептеледі. Сонымен бірге, жауапкер туындысы мен түпнұсқа туындысының арасын жалғап тұрған репродукция заңды ма немесе қарақшылық көшірме ме, маңызды емес. Яғни, егер адам үш өлшемді нысанды суретке түсірсе (мысалы скульптураны), ол скульптура негізделген суреттердің, тіпті суретке түсіруші оларды мүлде көрмесе де, авторлық құқығын бұзып тұруы мүмкін деп саналады.

Жауапкердің материалы шағымданушының қорғалған туындысынан алынған-алынбағандығы фактіге негізделеді және трибуналға осындай әрекеттің орын алғанын дәлелдеу шағымданушының міндетіне кіреді. Оны дәлелдеу үшін, шағымданушы түрлі дәлелдер формаларын қолдануы мүмкін. Біріншіден және ең сенімді жолы тікелей дәлелдердің болуы, яғни жауапкер шағымданушының туындысын өз жұмысын жасауда қолданғанын тікелей көрсету. Мысалы, бұрынғы қызметкер, жұмыс берушінің шағымданушының туындысына ұқсас жұмысты жасауын сұрағаны туралы куәлік беруі, немесе осы жайлы үшінші тұлғаның куәлігі. Шынында, кей жағдайларда, жауапкер шағымданушының туындысын негізге алғандарын мойындауы мүмкін.

Алайда, мұндай тікелей дәлелдермен қамтамасыз ету көбінесе оңай емес. Мұндай жағдайларда, соттар кейде көшіріп алу туралы шешім шығаруға дайын болады. Сотты, көшіру жағдайының орын алғанын мойындайтын шешім шығаруға көндіру үшін, шағымданушы, әдетте, туындылардың арасындағы бірдей тұстарға сүйенеді, оған қоса жауапкердің авторлық құқықпен қорғалған туындыны көшіріп алуға мүмкіндігі болғанын, түпнұсқаның оған қолжетімді болғанын да көрсететін дәлелдермен толықтырады. Егер ұқсастықтар көп болса немесе жауапкер туындыны дербес жасады дегенге сенуді қиындататындай



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

барынша жекелеген болса, Сот, аталған екі туындылардың арасында себеп-салдарлық байланыс бар екенімен келісуі мүмкін. Егер тіпті, жалпы элементтер жекелеген емес немесе көп болған күннің өзінде де, егер шағымданушы жауапкердің қорғалған туындымен таныс болғандығын позитивті түрде көрсете алса, көшіріліп алынғаны туралы шешім шығуы да мүмкін. Егер шағымданушы туындының көшіріп алынғандығын дәлелдей алса, онда ауыртпалық жауапкер жағына ауысады. Өз кезегінде, ол, туындының өзге қандай-да бір туындыдан дербес дүниеге келгенін дәлелдеуі қажет. Ол үшін, жауапкер, екі жұмыстың арасындағы ұқсастық көшіруден де басқа факторларға байланысты екенін айтуы мүмкін. Мысалы, жауапкер, екі туынды да бір нәрсеге байланысты шабыттануы мүмкін, сонымен бірге екі жұмыстың да функциялары бірдей болғандықтан бұл шектеу оларды ұқсас қылуы мүмкін, немесе, сендіру қиын болса да, ұқсастықтар кездейсоқ орын алуы мүмкін деп дәлелдеуге тырысуы мүмкін. Егер жауапкердің бұдан бұрын да көшіруге байланысты осындай істерге қатысы бары анықталса, мұндай мәлімдемелердің қабылданбай қалуы басым.

Құқықбұзушылық процесінің мысалы ретінде *Designers Guild v. Russell Williams* ісіндегі Лордтар Палатасының шешімін келтіруге болады. Шағымданушы 1994 жылы 'Ixia' атты мата дизайнын жасаған. Дизайн импрессионизм стилінде болған және ол үстінен ретсіз гүлдер орналастырылған алқызғыл мен сары түстердің жолағынан тұрған.

Мата дүкендерге 1995 жылдың қыркүйегінен бастап түседі. Бір жылдан соң, шағымданушы жауапкердің 'Marguerite' деген дизайн атауымен мата сатып жатқанын байқайды. Оның да негізінде түстері өзгеріп отыратын жолақтар, ал олардың үстінде гүлдер мен сабақтары ретсіз орналасқан.

Алайда екі дизайнның арасында бірнеше айырмашылық болды және жауапкер 'Marguerite'-ның 'Ixia'-дан көшіріліп алынғанын мойындамады. Оның айтуынша, дизайнер оны өзінің «Cherry Blossom» дизайнынан дамытқан. Қалай дегенмен де, Сот К.К. Лоуренс Коллинз, дәлелдерді сараптай отырып, 'Marguerite'-ның дизайны 'Ixia'-дан көшірілген деген шешім шығарды, әрі оны Лордтар Палатасы растады. Біріншіден, Сот, екі суреттің арасында жеті ұқсастық бар екенін байқаған: Екеуі де үстіне гүлдер ретсіз орналасқан жолақтарға негізделген; екеуі де бояу жағу әдісін көрсететін импрессионизм стилінде, екеуінде де жолақтар шеті түзу емес; екеуінде де гүл қауыздары бірдей; екеуінің де жолақтарында гүл қауыздарының бейнесі көрініп тұрады; екеуінде де гүлдің ұшында «көлемді түйін» орналасқан; және екеуінде де жапырақтар жасылдың екі түрлі түсімен берілген. Сот, аталған ұқсастықтар «жай ғана импрессионистік стильде жасалған кезде болатын немесе жолақтар үстінде орналасқан гүлдерді салу кезінде болатын ұқсастықтардан әлдеқайда көп» деп қорытты. Екіншіден, Сот, 'Marguerite' дизайнері 'Ixia'-ны көшіріп алуға мүмкіндігі болғанын байқады, өйткені ол 1995 жылы 'Ixia' көрсетілімге қойылған көрмеге қатысқан. Үшіншіден, Сот, жауапкердің дизайнердің «Marguerite» дизайнын жасауға өздігінен келді деген нұсқасын, аталған баян сенімсіз деп қабылдамады. Нәтижесінде, жауапкердің дизайны шағымданушының дизайнынан алынғанын мәлімдеді.

Designers Guild ісін *Mitchell v. BBC24* ісіне қарама-қайшы мағынасында салыстыруға болады. Онда, жауапкердің телевизиялық мультфильмі шағымданушының кейіпкерлерін (көркем шығармадан) көшіріп алған деген арызы қанағаттандырылмады.

Патенттер жөніндегі аймақтық соттың (қазір ІПЕС деген атаумен белгілі) Соты, К.К. Бирсс, арызды қабылдамай тастады. Кейіпкерлердің арасында жеткілікті ұқсастықтардың болуына байланысты, атап айтқанда, кейіпкердердің киімдері (шлемдері және микрофондары бар сауыттар), қолданылған түстер, кейіпкерлердің этникалық тектері, көк түсті кейіпкердің сары түсті кекіліне (Чарли/Туист) қарай отырып, туындының дербес жасалғанын дәлелдеу үшін, Сот ауыртпалықты ВВС-ге аударды, өз кезегінде ВВС оны дәлелдей алды.

Көбінесе, көшіру процесі саналы әрекет болады. Алайда, кейбір жағдайларда, соттар, көшіру түпсаналы әрекет болуы мүмкін дегенді де қабылдауға дайын болды. Жауапкер қорғалған туындыны көрген-көрмегенін немесе естіген-естімегенін, шынында да нақты айта алмаса, соттар, жауапкердің ол туындыны түпсаналы түрде көшіріп алғаны туралы аргументтерді тыңдауға дайын екендігін білдірді. Бұл, әсіресе, қатты, құлаққа сіңімді және кейде сүйкімсіз болатын мелодиялардың түпсаналы түрде жатталып қалуына қатысты. Түпсаналы түрде көшіріп алу түрі бар екенін қабылдау, Соттарға, түпнұсқа туындыны тікелей көріп-білгені, естіген-естімегені туралы нақты айта алмайтын жауапкердің туындыны дербес жасағаны жөніндегі бір-біріне қайшы дәлелдерін үйлестірудің бір жолы ретінде қызмет етеді. Әдейі көшіріп алу жағдайындағыдай, Сот, жауапкердің шағымданушының жұмысынан хабары ма, жоқ па екенін, туындының сипаттарын және олардың арасындағы объективті ұқсастықтарды қарастырады. Дегенмен, дәлелдеу ауыртпалығын өзге тарапқа ауыстыруға келтірілетін дәлелдер мен түпсаналы көшіру жағдайын растайтын



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

дәлелдердің арасында маңызды айырмашылық бар екенін айтып өткен жөн.

Авторлық құқық бұзылған кезде қарастырылатын үшінші және соңғы сұрақ, құқықбұзушылық кезінде туынды толығымен көшірілді ме, әлде оның айтарлықтай бөлігі көшірілді ме деген мәселе. Қаз-қалпында көшіріп алу (яғни шағымданушының жұмысын толығымен тура сол қалпында көшіру, кейде «қарақшылық» деп аталады) талдамаға қатысты ешқандай да сұрақтар туындатпайды, осылаша, егер ешқандай айрықша жағдайлар орын алмаса авторлық құқықтың бұзылғаны туралы шешім шығатыны анық. Алайда авторлық құқық туралы заң, тек қаз-қалпында көшіріп алу ғана көшіру деп танылмауы керек екенін баяғыда-ақ мойындаған. Оның бір себебі, егер қаз-қалпында толығымен көшірілген жұмыстарға қатысты ғана авторлық құқық қорғалса, онда плагиатпен айналысушылар жұмыстың кей жерлерін өзгертіп көшіру арқылы құқықбұзушылықтан қашып құтылар еді. Сондықтан да, 1911 жылдан бастап, Біріккен Корольдіктердің авторлық құқық туралы заңы, жұмыс тек қаз-қалпында толығымен көшірілгенде ғана емес, сонымен бірге қорғалған жұмыстың айтарлықтай бөлігі көшірілген болса, мұны құқықбұзушылық деп таниды. Қорғау аясын, қаз-қалпында көшірілген туындылармен қатар, «кез-келген айтарлықтай бөлігі» көшірілген жұмыстарды заңсыз деп тану арқылы кеңейте отырып, құқық иесі, жауапкердің туындының бір бөлігіне қатысты (мысалы, кітаптың жартысы фотокошірмеленсе немесе дыбыс жазбасының үлгісі көшірілсе) және жауапкердің туындының формасын өзгертуге қатысты іс-әрекеттерін де (мысалы, пьеса фильмге айналдырылғанда) бақылауына мүмкіндік береді.

Туындының бір бөлігін көшіріп алу (қаз-қалпында емес) мәселесіне қатысты, еуропалық үйлестіру жұмыстарына байланысты британдық заңның сұрақ туындататын күрделі тұстары көп. Атап айтқанда, ағымдағы кезеңде, Ақпарттық қоғам туралы директиваға сәйкес қорғалатын авторлық жұмыстардың репродукцияларына қатысты құқықбұзушылықтарды анықтайтын еуропалық критерийдің бар екені белгілі болды: ондағы негізгі қарастырылатын нәрсе - жауапкер туындының немесе жұмыстың «бөлігін» көшірді ме деген сұрақ. Тәжірибеде соңғы аталған стандарт қолданылған тек бірнеше істер ғана бар. Олардың нәтижелері британдық критерийлер қолданылғанда шығатын нәтижелермен бірдей болуы да мүмкін, не болмаса өзгеше болуы да мүмкін. Қазіргі кезде айтылып жүргендей, британдық әдістемеге тән икемділік, немесе кейбіреулері атап жүргендей, әртектілік немесе дәйексіздік үйлестіруге байланысты жоғалып кеткендей. Мәселенің қазіргі кездегі жағдайын түсіну үшін, біз алдымен қорғалған туындының дискреттік (жекелеген) бөлігіне қатысты іс-әрекет орын алған істерді қарастыратын боламыз («дәлме-дәл емес» көшіру әрекетіне қарама-қарсы әрекет ретінде). Жекелеген бөліктерге қатысты жасалған іс-әрекеттерге байланысты біз кезегімен мыналарды айтып өтеміз:

1. Әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем өнер туындыларының айтарлықтай бөлігін көшіріп алу дегеніміз не дегенге қатысты британдық тұрғы (бұл көпшілік алдында орындау және адаптация туралы үйлестірілмеген құқықтар үшін әлі де өзекті);
2. Авторлық жұмыстың «бір бөлігі» дегеніміздің не екенін анықтаудағы еуропалық заң тұрғысы; және
3. Фильм, дыбыс жазбасы, трансляция немесе типографиялық әрлеудің айтарлықтай бөлігі деп ненің саналатыны.

Аралас құқықтар нысанының (дыбыс жазбалары, фильмдер фиксациялары немесе трансляциялар) бір «бөлігінің» репродукциясына қатысты Еуропалық Одақ Сотының прецеденттік құқығы әлі де жоқ.

Судья, жауапкерлердің дизайнында авторлық құқықпен қорғалған туындыдан алынған элементтердің бар екенін анықтаған соң, осы көшіру түрі қорғалған туындыны толығымен көшіру бола ма немесе туындының айтарлықтай бөлігін көшіру болып таныла ма деген сұрақ пайда болды. Бұл алатын әсерге қатысты сұраққа көбірек келеді, себебі алынған детальдың маңызы оның санына немесе көлеміне емес, сапасына байланысты анықталады. Алынған детальдың авторлық жұмыста алатын орны мен маңызына байланысты. Бұл жерде алынған детальдың жауапкер туындысындағы маңызы сепке алынып тұрған жоқ... Ұрланған бөлік өзінше жеке қарастырылады... әрі оның қорғалған туындыдағы маңызы бағамдалады. Бұл жерде контрафактілі туындыны қарастырудың қажеті жоқ.

Негізінен, осы сұраққа жауап алу үшін, келесідегідей екі қосымша сұрақ қойылуы тиіс:

1. Шағымданушының туындысы не?
2. Жауапкер шағымданушы туындысын толығымен қолданды ма, әлде оның айтарлықтай бөлігін қолданды ма?

Адам, егер түпнұсқа деп танылатын туындының бір бөлігін көшірсе ғана құқық бұзған болады. Демек, туындының түпнұсқа емес бөлігін көшіру құқықбұзушылық болмайды. Бұған мысал ретінде, айталық біреу Австралияда тұратын Арсеналдың жанкүйерлерінің аттарының тізімін жасау қажет болды делік. Егер компиляцияның түпнұсқалығы ақпараттың қалай ұйымдастырылғанына байланысты болса, онда



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

үшінші тараптар бұл тізімді рұқсатсыз қолдана алмайды. Алайда, олар бұл ақпаратты қолдана алар еді (егер, мысалы, тізімді араластыру немесе шифрлау арқылы). Альтернатива нұсқасын қарастырсақ, егер компиляцияның түпнұсқалығы ондағы материалдың таңдалуына байланысты болса (бірақ оның орналасуына емес), үшінші тараптар ақпаратты қолдана алмайды (дегенмен олардың өз тізімдерін жасауға еш кедергі жоқ).

Көшірілген бөліктің маңызды-маңызды емес екенін сот шешеді. Трибунал бар зейінін, көшірілген бөліктің қорғалған туындының маңызды бөлігі ме, жоқ па деген мәселені анықтауға салғанымен, шешім шығару кезінде, сотқа бәрібір іске қатысты жағдайлар әсер етеді, олардың ішінде: шағымданушының туындысы дүниге қалай келді; туындының табиғаты, мысалы, туынды ақпарат па, әлде әдеби шығарма ма; тараптар арасындағы қатынастар, әсіресе, олардың бәсекелес болу-болмауы; тараптардың мінез-құлқы, атап айтқанда туындыны өзі тырыспау үшін көшіріп алды ма; болмаса туындыны алудың себебіне байланысты, мысалы, ол пародия жасау үшін көшірілді ме; немесе туынды кемсіту мақсатында қолданылды ма.

Inforaq International A/S v. Danske Dagblades Forening ісінде, Сот, Даниядағы жазылушыларға күнделікті газеттерде шыққан тақырыптарды тауып беріп отыратын арнайы іздеу терминдері енгізілген «баспасөз үзінділері қызметіне» қатысты сілтемеге мойын бұрған болатын. Қызмет көрсетуші Inforaq құжаттарды TIFF форматында скандап, цифрлық нұсқаны символдарды оптикалық оқу функциясына салып, содан кейін іздеу жасайды. Іздеу терминдерді немесе тақырыптарды репродукциялайды, әрі әр жағынан бес сөзден алады. Сотқа қойылған сұрақтардың бірі, аталған сегменттер «бөліктердің» репродукциялануы деп санала ма және ол Ақпараттық қоғам туралы директиваның 2-бабына сәйкес қарала ала ма деген мәселе болды. Сот орнықтырған критерий анықтықтың үлгісі емес. Атап айтқанда, Сот, ең алдымен, біртұтас жұмыстың түпнұсқалығын «бөлісіп» тұрған бөліктер туралы айтып тұр. Бұл стандарт жұмыстың немесе туындының ең кішкентай компонентінен өзге барлық нәрсесі авторлық құқықпен қорғалып тұр дегенді білдіруі мүмкін. Алайда, Сот, жұмыстың фрагменттері, егер онда өздігінен алғанда түпнұсқа деп танылатын элементтер болса ғана қорғалатын «бөлік» болады деп анықтайды. Шешімге қатысты соңғы түсінік қолайлы сияқты: егер репродукцияланған фрагмент түпнұсқа ретінде қорғалса (еуропалық мағынасында), онда оны репродукцияланған туындының «бөлігі» деп қарастырған жөн.

Inforaq ісіндегі әдіс Жоғарғы Сотта да, Біріккен Корольдіктердегі Аппеляциялық Сотта да және Сотта да (Жоғарғы Палата) қолданылды. SAS Institute v. World Programming ісінде Дж. Арнольд, SAS-тың WPL репродукциялаған компьютерлік нұсқаулықтарының бөліктері (әдеби туындылар) «айтарлықтай» ма, жоқ па деген мәселені қарастыру кезінде репродукцияланған бөліктердің өздері түпнұсқа ма, жоқ па екендігін анықтау керек деді.

Inforaq ісіндегі әдіс, бұрын Біріккен Корольдіктерде орын алған құқықбұзушылықпен салыстырғанда, ненің құқықбұзушылық болып саналатынына деген мәселеде мүлдем өзгеше қисынды немесе әдісті білдіреді. Екі маңызды аспектіні атап өтуге тұрарлық. Біріншіден, көшірілген бөлік қорғалған туындының айтарлықтай бөлігі бола ма деп мәселе қойып, соған орай қорғалған туындының параметрлерін бағамдайтын әдіске қарағанда, Inforaq әдісі, бар болғаны, алынған нәрсе түпнұсқа ма, жоқ па деген сұрақты ғана қояды. Осылайша, Inforaq туындының параметрлеріне байланысты көптеген күрделі мәселелерді айналып өтеді. Джонатан Гриффитс мұны авторлық құқықты «дематериализациялау» деп атайды.

Inforaq критерийі кемшіліксіз болмағанымен, оның авторлық құқықтың қорғау аясын біршама кеңейткенін мойындау керек. Демек, осы саладағы саясаткерлер, қолданушыларға айрықша жағдайлар ретінде қарастырылатын тиісті икемділікпен қамтамасыз етуге барынша тырысулары керек.

Біріккен Корольдіктер заңнамасы, дыбыс жазбалары, фильмдер, трансляциялар және типографиялық әрлеулердің авторлық құқығын бұзған-бұзбағаны жауапкердің нысанның түгеліне немесе оның «айтарлықтай бөлігіне» қатысты жасаған шектелген әрекетіне байланысты анықталғанымен, Ақпараттық қоғам туралы директиваның 2-бабы репродукция құқығын тек авторлық жұмыстарға қатысты ғана емес, сонымен бірге «фонограммаларға» (яғни дыбыс жазбаларына), фильмдерге және трансляцияларға да қатысты үйлестірді.¹⁰⁴ Ол бойынша, нысанның «бөлігінің» репродукциялануы құқықбұзушылық деп танылады. Уақыт өте келе, Сот, аталған туындылардың «бөлігі» ретінде ненің танылатынын анықтау жөнінде сот практикасын қалыптастыруды мақсат еткен сыңайлы. Қалыптасқан Inforaq прецеденттік құқығының іске тура қатынасы жоқ, өйткені ол халықаралық және аймақтық деңгейлерде «түпнұсқалық» стандартына бағынатын авторлық туындыларға қатысты. Ал аралас құқықтарға арналған баламалы стандарт орнықтырылмаған. Сот нұсқаулықтарын күту барысында, «айтарлықтай бөлікке» байланысты талдама қолданыстағы прецеденттік құқыққа негізделуі керек. Тіпті осындай сот практикасы пайда болған



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

күннің өзінде, қазіргі кезде аеуропалық заңнама типографиялық әрлеулерге деген авторлық құқықтардың бұзылуын реттейтін ұлттық ережелерді өзгеріссіз қалдырғанын атап өту керек.

Қорғалатын нысанның параметрлерін анықтауда кездесетін қиындықтар, авторлық жұмыстарға деген құқықбұзушылықты анықтау кезіндегі «британдық» әдістегісімен бірдей. Шынында, Hyperion Records ісі дыбыс жазбасының авторлық құқығының бұзылуына қатысты болды. Алдымен туындының не екенін анықтап алу қажет содан соң барып жауапкердің әрекеті (шектелген әрекет) «айтарлықтай бөлікті» қолдану ма, жоқ па екендігі бағамдалады.

1. Жұмыстың сипатын анықтау
2. Дыбыс жазбасы дегеніміз не? Алдында айтып өткеніміздей, 1988 жылы қабылданған Авторлық құқық, дизайнер және Патенттер туралы заңдағы (CDPA 1988) дыбыс жазбасының анықтамасына мыналар кірген:
3. «ойнатылатын дыбыс жазбалары, немесе
4. Әдеби, драмалық немесе музыкалық туындының, оның толығымен немесе оның бір бөлігінің репродукциясын жасай алатын дыбысқа айнала алатын толық жазбасы немесе бөлігі.

«Туындының» жазбасы туралы сөз болғанда немесе нақтырақ айтсақ, туындының орындалуын айтқанда, «жазбаны» «туындыға» сілтеме жасай отырып анықтаған жөн сынды. Осылайша, Бетховеннің Бесінші симфониясының дыбыс жазбасы бір ғана дыбыс жазбасы деп аталады, әсіресе ол бір ғана туындының бір ғана жазбасы болса. Алайда, туындылардың орындалуы болмайтын «дыбыстар» жазбаларына келгенде, трибуналдың жазбаның параметрлерін қалай анықтайтыны белгісіз. Бұл жерде ескерілетін маңызды пікірлер алғашқы жазбаның қалай жасалғанымен байланысты болуы мүмкін: жазба белгілі бір уақытта жасалды ма немесе белгілі бір дыбыс типтерімен байланысты ма. Дегенмен, өте қысқа жазбалардың, мысалы арыстанның ақыруы сияқты, жеке жазба ретінде қарастырылмауына себеп жоқ.

Кез-келген анықталатын репродукцияны «бөлік» ретінде тану логикалық тұрғыда қаншалықты тартымды болғанымен, мұндай әдіс үш себепке байланысты жарамсыз. Біріншіден, қалай дегенмен де Ұлыбритания тұрғысынан, бұл, 1988 жылы қабылданған Заңның 16(3)-бөліміндегі «айтарлықтай» сын есімінің мағынасын жояр еді. Екіншіден, бұл, инвестиция өнімі ғана болып табылатын «кәсіпкерлік туындыларды» (аралас құқықтар), шығармашылық таңдау процесінің нәтижесінде пайда болатын авторлық туындыларға қарағанда күштірек қорғайтын болады, сондықтан да соңғылардың артықшылықтарын алып тастайды. Үшіншіден, бұл, аталған өндірушілерге тиіс емес және әділетсіз бакылау деңгейлерін береді, ал олардан төмен тұрған шығармашылық иелері мен қолданушыларға тек өте шектеулі еркіндік беріледі.

Осыған сүйене отырып, дыбыс жазбаларының фильмдердің және бағдарламалардың барынша аз ғана бөліктері қорғалады деген пікір кеңінен тараған. Аталған сұрақ дыбыс жазбаларының үзінділеріне қатысты жиі қарастырылды (оған қатысты пайдалы болатын сот нұсқаулықтары болмаса да). Соттар, эксперттердің дәлелдері, мысалы музыкатанушылардың, бөліктің дыбыс жазбасының «айтарлықтай» бөлігі ме, жоқ па екендігін анықтауға көмектеседі деді. 1990 жылдардың басында қарастырылған, бір компания 1990 жылдың әлем кубогінен матчтар трансляциялаған, ал екінші трансляциялаушы 14-тен 37 секундқа дейін жалғасатын роликтерді (оның ішінде гол соғылған және гол өткізілген сәттер де бар) көрсеткен істерде, жауапкер бұлардың «айтарлықтай» репродукциялар екенін мойындады (алайда Сот бұны адал пайдалану деп тапты). Мұндай бөліктер көрермендер үшін өте қызықты болар еді. Осыдан аз ғана уақыт бұрын, Дж. Арнольд, крикет трансляциясының 8-секундтық клиптерін қарастыра отырып, оларды «айтарлықтай» деп тапты, өйткені оларда «негізгі сәттер» болған, олар «қызықты, содан да құнды», әрі осыған орай «қажетті трансляция және/немесе фильмді жасау кезінде айтарлықтай инвестиция қолданылған». Керісінше, берілген сәтте декодерде бейнеағынның төрт кадры тоқталып қалғанда, Дж. Китчин, бұл фильм фиксациясының «айтарлықтай» бөлігі емес деп шешті, өйткені ол бар болғаны «секундқа да жетпейтін» уақытқа ғана ұласқан және оған «құндылық тән емес». Буферлеуге қатысты болған тағы бір жағдайда, Дж. Флойд, буфердегі көшірмелер фильмінің «айтарлықтай» бөлігі бола алғанымен, оның трансляцияға еш қатысы жоқ деді. Істе Сотқа сілтеме жасалуы қажет еді, алайда олай болмады.

Туындының формасына берілетін авторлық құқықпен қорғалу аясының одан басқа да қамтитын аяларын жақсырақ түсіну үшін бірнеше мысал келтірген дұрыс шығар.

Әдеби және драмалық туындылардың беттегі сөздерден өзге (туындының дәлме-дәл аспектісі), роман мен пьесаның дәлме-дәл емес элементтеріне (авторлық құқықпен қорғала алатын) сюжет, оқиға желісі, оқиғалар мен тақырыптар кіреді. Айтылған мәселелер Біріккен Корольдіктерде шешіліп көрмегенімен, роман мен пьесаның кейіпкерлерінің қорғалуы екіталай. Кейінірек түсіндіріп өтетініміздей, әдеби туындының дәлме-дәл емес элементтерінің қатарына жұмысқа немесе туындыға негіз болған жалпы



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

идеялар кірмейді.

Туындының «беткі бейнесінен», яғни формасынан өзге, дәлме-дәл емес элементтердің де көшірілуі авторлық құқықпен қорғалатынының куәсі болсақ та, баяғыдан бері орныққан принципке орай, туынды негізделген идеялар авторлық құқықпен қорғалмайды. Жағымды жағынан алып қарастырсақ, бұл, үшінші тараптар қорғалған туындының кез-келген идеясын қолдана алады дегенді білдіреді. Демек, егер де біреулер картинаның, кітаптың немесе компьютерлік бағдарламаның «ар жағында» тұрған идея немесе тұжырымдаманы алса және оны өз жұмысына пайдаланса, бұл құқықбұзушылық болмайды. Аталған контекстте атап өтетін бір маңызды жайт, бұл жерде «идея» дегеніміз көптеген ұғымдарды қамтып тұрған ортақ термин. Ол терминнің аясына шығарманың жазылуына түрткі болған идеялар (мысалы, авторлық құқық заңының өнер иелеріне әсері), туындының нысаны (мысалы, зияткерлік меншік туралы кітап) немесе туынды жасалған жалпы стиль (мысалы, кубалық стиль) сияқты дүниелер кіреді.

Инфорақ критерийі, ең бастысы, туындының дискретті бөліктері немесе фрагменттерінің көшірілуіне байланысты енген болатын. Алайда, айтылып өткендей, дәстүрлі британдық заңнамаға сәйкес, репродукция туындының «дәлме-дәл» емес бөліктерінің («идеялардан» бөлек) көшірілуі арқылы да орын алуы мүмкін. Демек, туындының жалпы құрылымын - романның сюжетін немесе көркемөнер туындысының макетін репродукциялау айтарлықтай бөлікті репродукциялау деп саналуы мүмкін. Инфорақ ісінен кейінгі кезеңде мұндай жағдайларды қалай шешудің жолдары әлі анық емес.

Ең алдымен мән беретін нәрсе, еуропалық заңнамалық орган, бір жағынан, компьютерлік бағдарламалар мен мәліметтер базаларын, ал екінші жағынан «авторлық жұмыстарды» үйлестіруге әртүрлі әдістерді қолданады. 6-тарауда өзіміз көргеніміздей, компьютерлік бағдарламалар мен мәліметтер базаларына қатысты, заңнамалық орган, репродукция құқығын да, адаптация құқығын да үйлестірген еді. Бағдарламамен қамтамасыз ету туралы директивада да авторлық құқық идеяларды қорғамайды деп қарастырылған. Керісінше, Ақпараттық қоғам туралы директива тек репродукцияға деген құқықты үйлестірді және онда идеялардың қорғалмайтыны туралы айтылмаған. Бұл құрылым, ЕО үйлестірулері компьютерлік бағдарламалар мен мәліметтер базаларының дәлме-дәл емес көшірмелеріне ғана қолданылатынын, бірақ оның өзге авторлық жұмыстарға қатысты қолданылмайтынын білдіруі мүмкін.

Екіншілік құқықбұзушылықтың екінші жалпы категориясы көшірмелерді жасауға атсалысқан адамдарға қатысты. Бұл, мысалы, қандай да бір адам көшірмелерді жасау үшін қажет құрал-жабдықтармен қамтамасыз еткенде орын алады. Туындының немесе орындаушылықтың заңсыз көшірмелерін жасауға құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету екіншілік құқықбұзушылық болып есептелетін бірқатар түрлі жағдайлар бар.